

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 103 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 19 мамырда тіркелді. Тіркеу N 4234. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кеме құжаттарын беру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 72-І (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3479 номірмен тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2006 жылғы 1 ақпандағы 16 (996) номірінде жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме журналын беру және жүргізу ережесіндегі:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. 1.5-бағанда жолаушылар саны (экипажды есепке алу немесе жағалау мәліметтері бойынша) және осы аялдау пунктінен жөнелтілген сәттегі кемедегі жүктің саны мен атауы көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44 және 45-тармақтар мен толықтырылсын:

"33. "Навигациялық мәліметтер, оқиғалар, әрекеттер" деген 4-кестеде 4.1-бағанда көрсетілген мерзімдегі навигациялық ахуалдың жай-күйі туралы деректер жазылады.

34. 4.2-бағанда жүріп өткен қашықтық жазылады.

35. 4.3-бағанда навигациялық ахуалдың жай-күйі туралы мәліметтер жазылады.

Мұздарда жүзуі кезінде мұзға кіруі және одан шығуы, мұздың сипаты мен тығыздығы, алынған өкімдер мен метеожағдайы жазылады.

Кемеде көлік оқиғасы болған жағдайда: көлік оқиғасының орны, мән-жайы және сипаты, оның салдары, кеме мен механизмдердің көлік оқиғасынан кейінгі жағдайы; экипаждың көлік оқиғасын болдырмау және оның салдарын жою жөніндегі іс-әрекеті толық жазылады. Басқа кемемен соқтығысқан кезде, сондай-ақ, жақындасу жағдайы, бұрылым кету үшін алдын ала жасаған маневрлері, соқтығысқан кеменің атауы және тіркелген бекеті, шыққан және баратын бекеті, зақымдану сипаты жазылады. Кеме мұздан зақымданған кезде - мұз жағдайының сипаты қосымша жазылады.

Дабыл (жаттығу) кезінде оның түрі, жариялану уақыты мен аяқталуы жазылады.

36. "Бас қозғалтқыштардың жұмысы" деген 5-кестеде бас қозғалтқышты іске қосудың және тоқтатудың сэттері, сондай-ақ олардың жұмысының ұзақтығы тіркеледі. Қозғалтқыштардың қысқа уақытқа тоқтауы тіркелмейді.

37. 5.1 және 5.4-бағандарда қозғалтқыштарды іске қосудың сэттері, 5.2 және 5.5-бағандарда - тоқтатудың сэттері, ал 5.3 және 5.6-бағандарда - жұмыстың ұзақтығы көрсетіледі.

38. 5.3 және 5.6-бағандардағы соңғы жолдың алдындағы жолға қозғалтқыштардың осы тәуліктегі, ал соңғы жолға - осы күнтізбелік айдағы (өсу қорытындысымен) жалпы жұмысының уақыты көрсетіледі.

39. "Бас қозғалтқыштардың жұмыс тәртібі" деген 6-кестеде кеменің бас қозғалтқыштарының бақылау аспаптарының көрсетулері жазылады. 6.2-бағанға жазылатын бүтін сағатқа еселеңген жазба әрбір төрт сағаттан сиретпей орындалады.

6.3-бағанда қозғалтқыштардың айналу жиілігі (айн/мин) жазылады.

40. Сұзгіге дейінгі майдың қысымы (аспаптарды бөліктеу бірлігінде) 6.4-бағанда көрсетіледі, ал сұзгіден кейінгісі - 6.5-бағанда көрсетіледі.

41. 6.6-бағанда қозғалтқыштан кейінгі майдың, 6.7-бағанда - шығудағы судың, 6.8-бағанда - шығатын газдардың (жалпы) температурасы (C^0) жазылады.

42. "Көмекші қозғалтқыштардың жұмысы" деген 7-кестеде көмекші қозғалтқыштарды іске қосудың және тоқтатудың жағдайлары, сондай-ақ олардың жұмысының ұзақтығы тіркеледі.

43. 7-кестенің бірінші жолында дизель генераторларының нөмірі көрсетіледі (осы жолдың соңғы екі бағанында төртінші және бесінші дизель генераторларының нөмірлері жазылуы немесе осы тәулікте қайтадан іске қосылған дизель генераторларының нөмірлері қайталануы мүмкін).

44. 7-кестенің екінші жолда дизель генераторларын іске қосудың сэттері, ал үшінші жолда - оларды тоқтатудың сэттері (дизель генераторларының қысқа уақытқа қосылудары тіркелмейді) белгіленеді.

45. 7-кестенің соңғысының алдындағы жолда осы тәуліктегі әрбір дизель генераторының жұмыс уақыты, ал соңғы жолында тапсырма берілген күнтізбелік ай (өсу қорытындысымен) көрсетіледі.;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме журналын беру және жүргізу ережесіне қосымшада:

1-кестенің 1.5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
"Жолаушылар саны, жүктің мөлшері мен атауы";

2 - к е с т е д е :

2.5-баған "атм. қысым" деген сөздерден кейін ", мм сынап бағанасы," деген сөздермен толықтырылсын;

2.6-баған "температура" деген сөзден кейін ", С⁰" деген белгімен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4, 5, 6, 7-кестелермен толықтырылсын:

Навигациялық мәліметтер, оқигалар, әрекеттер (4-кесте)		
уақыты	км	Басқа да мәліметтер
4.1	4.2	4.3

Бас қозғалтқыштардың жұмысы (5-кесте)

Сол жақ			Оң жақ		
іске косу	тоқтату	жұмысы	іске косу	тоқтату	жұмысы
5.1	5.2	5.3	5.4	5.5	5.6
Тәулігінде			Тәулігінде		
Айында			Айында		

Бас қозғалтқыштардың жұмыс тәртібі (6-кесте)

қозғалтқыш	сағаты	айналу жиілігі (айн/мин)	Майдың қысымы		Шығу кезіндегі температура (С ⁰)		
			сүзгіге дейінгі	сүзгіден кейінгі	май	су	газдар (жалпы)
6.1	6.2	6.3	6.4	6.5	6.6	6.7	6.8
сол жақ							
оң жақ							

Көмекші қозғалтқыштардың жұмысы(7-кесте)

Дизель генераторлары	N 1	N 2	N 3
----------------------	-----	-----	-----

Іске қосу	
Токтату	
Тәулігінде	
Айында	

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Машина журналын беру және жүргізу ережесінде:

28, 29 және 30-тармақтар алынып тасталсын.

2. "Кеме құжаттарының тізбесін, кеме құжаттарын беру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 73-І (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3480 нөмірімен тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2006 жылғы 1 ақпандағы 16 (996) нөмірінде жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме құжаттарының тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеменің мынадай кеме құжаттары болуы тиіс:

1) кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайтын кеме куәлігі;

2) шетелдік кемеге (жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде тіркелген кемелер үшін) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге үақытша құқық беру туралы куәлік;

3) кеменің жүзуге жарамдылығы туралы, оның сыныбы немесе сыныптау куәлігі көрсетілген куәлігі;

4) өздігінен жүзетін кемелер үшін кеме журналы (вахталық журнал);

5) кеме рөлі (өздігінен жүзетін кемелер үшін) - кеме капитаны жасаған кеме экипажы мүшелерінің тізімі;

6) радиожурнал (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

7) кеме станциясының рұқсаты (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

8) машина журналы (қызметтерді қоса атқарусыз, кеме экипажының мүшелері пайдаланатын механикалық қозғалтқышы бар кеме үшін);

9) кемені қарап шығудың бірыңғай кітабы;

10) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды және кемеге санитарлық п а с п о р т ;

11) өрт қауіпсіздігі куәлігі (қарап шығу актісі);

12) кеменің мұнаймен, қалдық сулармен және қоқыспен ластануын болғызыбау т у р а л ы к у ә л і к ;

13) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік.".

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) осы бүйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрық ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК